

ШАРТ

<сәйкестендіру нөмірі>

қызметтерді сатып алу туралы

<қызметтің атауы>

<тапсырыс беруші аймағы> <шарт күні>

<тапсырыс берушінің толық атауы>, бұдан әрі «Тапсырыс беруші» деп аталады, <қол қою үшін негіз болып табылатын құқық белгілеуші құжат> негізінде іс-әрекет жасайтын <тапсырыс беруші тарапынан қол қоюшының лауазымы мен ТАӨ> атынан, бір жағынан және <жеткізушінің толық атауы>, <лицензия, рұқсат құжаты> негізінде іс-әрекет жасайтын <жеткізушінің резиденттік белгісі> болып табылатын, бұдан әрі «Жеткізуші» деп аталады, <қол қою үшін негіз болып табылатын құқық белгілеуші құжат> негізінде іс-әрекет жасайтын <жеткізуші тарапынан қол қоюшының лауазымы мен ТАӨ> атынан, екінші жағынан, бұдан әрі бірлесіп «Тараптар» деп аталады, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2018 жылғы 27 тамыздағы №192 қаулысымен бекітілген, Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің, оның ведомстволарының, оның құрылымына кіретін ұйымдардың және дауыс беретін акцияларының (жарғылық капиталға қатысу үлестерінің) елу және одан астам пайызы Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкіне тиесілі немесе оның сенімгерлік басқаруындағы заңды тұлғалардың және олармен үлестес заңды тұлғалардың тауарларды, жұмыстарды және көрсетілетін қызметтерді иеленуі қағидаларының (бұдан әрі - Қағидалар) 17 тармағының 1) тармақшасына және <хаттама бекітілген күн> тендер тәсілімен <жұмыстардың атауы> жұмыстарын сатып алу қорытындылары туралы хаттамаға сәйкес мына төмендегілер туралы осы шартты (бұдан әрі - Шарт) жасады.

1. ШАРТТЫҢ МӘНІ

1.1. Тапсырыс беруші _____ сатып алу порталында тендер тәсілімен <жұмыстардың атауы> (бұдан әрі - Жұмыс) жұмыстарын сатып алуды өткізетіндігі туралы хабарландыруды орналастырды және Жеткізушіден <ҚҚС сомасын қоспағанда> _____ теңге ___ тиын (_____ теңге ___ тиын) мөлшеріндегі сомаға тендер өтінімін қабылдады.

1.2. Жеткізуші Шартта және Техникалық ерекше нұсқамада көзделген мерзімде және талаптарда Қызмет көрсету бойынша міндеттемені өзіне қабылдайды, ал Тапсырыс беруші Қызметтерді Шарттың талаптарына сәйкес қабылдауға және төлеуге міндеттенеді.

1.3. Осы Шартта төменде аталған ұғымдардың мынадай түсіндірмелері бар:

1) Шарт - Тапсырыс беруші мен Жеткізуші арасында Қазақстан Республикасының азаматтық заңнамасына сәйкес жасалған Тапсырыс берушінің қызметін қамтамасыз ету үшін, сондай-ақ функцияларын немесе жарғылық әрекетін орындау үшін қызметтерді көрсету туралы азаматтық-құқықтық шарт;

2) Қызметтер - Шарттың 1.1.-тармағында көрсетілген, Тапсырыс берушінің қажеттілігін қанағаттандыруға бағытталған, заттық мәні жоқ (әр нақты жағдайда қызметтерді нақтылау керек) іс-әрекет (әр жағдайда нақтылау керек).

1.4. Қызметтерді көрсету мына мекенжайлар бойынша көрсетіледі:

«ҚРҰБ ҚҚО» АҚ Орталық аппараты

Нұр-Сұлтан қаласы, Мәңгілік ел даңғылы, 57А;

- «ҚРҰБ ҚҚО» АҚ Орталық филиалы

Алматы қаласы, Қонаев көшесі, 181 (бұдан әрі - Объектілер).

1.5. Қызметтердің құны, техникалық ерекше нұсқамалары мен қосымша ақпараттар Шарттың 1, 2-Қосымшаларында көрсетілген (1, 2 - Қосымшалар).

1.6. Жеткізуші Қызметтерді өз күші және құралдарымен өзінің материалдары мен құрал-жабдықтарын пайдалана отырып көрсетеді.

1.7. Қызметтерді көрсету кезінде Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімімен бірлесіп орындаушыларды іске тартуға рұқсат етіледі. Қызметтерді көрсету үшін бірлесіп орындаушыларға берілген Қызметтердің шекті көлемдері сатып алынатын Қызметтердің жалпы көлемінің үштен екісінен аспауы тиіс.

2. ШАРТТЫҢ ЖАЛПЫ СОМАСЫ ЖӘНЕ ТӨЛЕМ ТӘРТІБІ

2.1. Шарттың жалпы сомасы <ҚҚС қоса есептегенде> _____ теңге __ тиын (____ теңге __ тиын) (егер Жеткізуші ҚҚС төлеушісі болса) (бұдан әрі - Шарттың жалпы сомасы) құрайды, осы сомаға _____ теңге __ тиын (____ теңге __ тиын) мөлшеріндегі Қызмет құны, <және _____ теңге __ тиын (_____ теңге __ тиын) мөлшеріндегі ҚҚС сомасы (егер Жеткізуші Қазақстан Республикасының бейрезиденті болып табылса, Шарттың жалпы сомасынан Шарттың 2.6, 2.7, 2.8 және 2.9-тармақтарының ережелерін ескере отырып, Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес төлем көзінен корпоративтік табыс салығы ұсталады) > кіреді. Шарттың жалпы сомасына сақтандыруды, салықтарды, баждарды және басқада төлемдерді төлеуді қоса алғанда, Жеткізушінің Қызметтерді көрсетуге байланысты барлық шығыстары кіреді.

2.2. Шарт бойынша төлемді Тапсырыс беруші келесі тәртіпте Жеткізушінің банктік шотына ақша аудару арқылы жүргізеді:

1) Тапсырыс беруші аудиттің бірінші кезеңін тиісінше орындау фактісі бойынша Шарттың жалпы сомасының 50% (елу пайызы) мөлшеріндегі төлемді белгіленген тәртіппен ресімделген Жеткізушіден электронды шот-фактураны алған күннен бастап 10 (он) операциялық күн ішінде және Тараптардың уәкілетті тұлғалары қол қойған бірінші кезеңнің орындалуы туралы көрсетілген қызметтер актісі (бұдан әрі - Акт) негізінде жүргізеді;

2) Тапсырыс беруші аудиторлық есеппен (қорытындымен) және аудиторлық есепке түсіндірмемен келісу фактісі бойынша Шарттың жалпы сомасының 40% (елу пайызы) мөлшеріндегі төлемді белгіленген тәртіппен ресімделген Жеткізушіден электронды шот-фактураны алған күннен бастап 10 (он) операциялық күн ішінде және Тараптардың уәкілетті тұлғалары қол қойған Актісі негізінде жүргізеді;

3) Тапсырыс беруші толық көлемде тиісінше көрсетілген Қызметтер фактісі бойынша Шарттың жалпы сомасының қалған 10%-ына (он пайызына) ақы төлеуді белгіленген тәртіппен ресімделген Жеткізушіден электронды шот-фактураны алған күннен бастап 10 (он) операциялық күн ішінде және Тараптардың уәкілетті тұлғалары қол қойған Актісі негізінде жүргізеді;

Төлем Жеткізуші тиісті түрде ресімделген электронды шот-фактура мен Актіні берген жағдайда ғана жүргізіледі.

Тиісті түрде ресімделмеген электронды шот-фактураларды және Актіні берген кезде, оның ішінде дұрыс емес деректемелерді көрсете отырып, Тапсырыс беруші оларға ақы төлеместен кері қайтарады және Тапсырыс берушінің төлем бойынша өз міндеттемелерін орындау мерзімі жаңа электронды шот-фактураларды және Актіні берген сәттен бастап есептеледі. Бұл жағдайда Жеткізушінің Тапсырыс берушіге уақтылы ақы төлемегені үшін қандай да бір айыппұл санкцияларын қоюға құқы жоқ.

2.3. Барлық салықтар мен бюджетке төленетін басқа да міндетті төлемдер Қазақстан

Республикасының заңнамасына сәйкес төленеді. Қазақстан Республикасының салықтарға, баждарға және Қазақстан Республикасының заңнамасында көзделген бюджетке төленетін басқа да осы сияқты төлемдерге қатысты заңнамасы өзгерген жағдайда, Тараптар қосымша келісімге қол қою арқылы Шартқа тиісті өзгертулер енгізуге міндеттенеді.

2.4. Тапсырыс беруші Жеткізушіге төлемдерді Шарт бойынша төлем жүргізілген күні Қазақстан Республикасы Ұлттық Банкінің ресми бағамы бойынша ____ (валюта түрі) жүргізеді (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.5. Тапсырыс берушінің Шарт бойынша міндеттемелерді орындамағаны немесе оны тиісті түрде орындамағаны үшін тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) сомасына Қазақстан Республикасының салық заңнамасына сәйкес төлем көзіне табыс салығы салынуы тиіс (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.6. Егер Жеткізуші кірістің түпкілікті алушысы және халықаралық шарт жасалған елдің резиденті болса, Тапсырыс беруші Шарттың жалпы сомасын төлеген кезде тиісті халықаралық шартында көзделген салық салудан босатуды немесе төмендетілген салық мөлшерлемесін өз бетінше қолдануға құқылы (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.7. Халықаралық шарттың ережелерін қолдану тәртібі Жеткізушінің Қазақстан Республикасындағы қаражат көздерінен алынатын табыстарына қатысты қолданылады (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болған жағдайда қолданылады).

2.8. Халықаралық шартты салық салудан босату немесе төмендетілген салық мөлшерлемесін пайдалану бөлігінде қолдануға Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарт бойынша соманы төлеу күнінен кешіктірмей Қазақстан Республикасы салық заңнамасының талаптарына сәйкес келетін резиденттігін растайтын құжатты және бейрезидент заңды тұлғаның құрылтайшыларын (қатысушыларын) және мажоритарлық акционерлерін көрсете отырып, құрылтай құжаттарының нотариат куәландырған көшірмелерін не сауда тізілімінен бейрезидент тіркелген мемлекеттің заңнамасында көзделген акционерлердің тізілімінен немесе өзге де ұқсас құжаттан) үзінді көшірмені табыс еткен жағдайда ғана рұқсат етіледі (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болып табылған жағдайда қолданылады).

2.9. Қазақстан Республикасында тұрақты мекеме құрылған жағдайда, Жеткізуші бейрезиденттің Қазақстан Республикасының салық органында салық төлеуші ретінде тіркелгенін растайтын құжатты ұсынған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес төлем көзінен корпоративтік табыс салығын ұстамастан табыс сомасын төлейді (бұл тармақ Жеткізуші ҚР-ның бейрезиденті болып табылған жағдайда қолданылады).

2.10. Факсимильдік байланыс арқылы және/немесе өзге тәсілмен алынған құжаттардың заңды күші бар және оларды кейіннен келесі <цифрмен><жазбаша><күнгізбелі/жұмыс (керегін таңдап алу)> күн (Тапсырыс берушінің қаласынан тыс жердегі жеткізушілер үшін) ішінде түпнұсқаға ауыстыра отырып Тапсырыс беруші қабылдайды.

3. ТАРАПТАРДЫҢ ҚҰҚЫҚТАРЫ ЖӘНЕ МІНДЕТТЕМЕЛЕРІ

3.1. Тапсырыс беруші:

1) Жеткізушінің Шарт талаптарына сәйкес көрсеткен Қызметтерін Акті негізінде қабылдауға;

2) Жеткізушінің жазбаша сұратуы негізінде Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауы үшін оған қажетті құжаттарды (ақпаратты) және материалдарды ұсынуға;

3) төлемді Шарттың талаптарына сәйкес жүргізуге құқылы;

4) Тапсырыс беруші мен Жеткізушінің уәкілетті өкілдері Актіге қол қойған күннен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде және (немесе) Жеткізушінің Тапсырыс берушіге тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеген күннен бастап Жеткізушіге Шарттың орындалуына құйылған қамтамасыз етуді қайтарға міндеттенеді. (Шартта Жеткізушінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу туралы талабы болғанда)

4) Жеткізуші қызметкерлерін рұқсатнамалық және ішкінысандық режим бойынша нұсқаулықтан өткізуге;

5) Қызмет көрсету кезеңінде Шарт талаптарына сәйкес Жеткізушінің қызметкерлерін Объектілерге кіру рұқсатымен қамтамасыз етуге;

6) Шартта көрсетілген Қызметтерді көрсету үшін мына жағдайларды қамтамасыз етуге, нақтырақ:

- Тапсырыс берушінің тиісті өкімдік құжатын шығару арқылы Тапсырыс беруші бөлімшелерінің барлық қызметкерлері тарапынан Жеткізушінің қызметкерлеріне жан-жақты жәрдемдесуді қамтамасыз етуге;

- аудитті жүргізуге байланысты барлық қажетті ақпарат пен құжаттаманы уақтылы (бірінші талап ету бойынша) және толық көлемде ұсынуға, ауызша немесе жазбаша нысанда түсінік беру мен түсініктемелер беруге;

7) Жеткізушінің қызметіне кедергі болмауға және шектемеуге;

8) Жеткізушінің талабы бойынша қажетті ақпарат үшін үшінші тұлғалар мекенжайына өз атынан жазбаша сұрату жіберуге;

9) талаптары Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасының талаптарына сәйкес келетін Шарт бойынша Қызмет көрсету үшін кеңселік үй-жай беруге міндеттенеді.

3.2. Тапсырыс беруші:

1) Жеткізушіден Шарттың талаптарына сәйкес Қызметтердің толық көлемде және мерзімде тиісті түрде көрсетілуін талап етуге;

2) Қызмет көрсету барысын және оның сапасын бақылайтын уәкілетті жауапты адамдарды тағайындауға;

3) Қызмет көрсету, көрсетілген Қызметтерді қабылдау-өткізу барысында кемшіліктер, ескертулер, сәйкес келмеулер, олқылықтар, қателер <толықтыру> ___ (бұдан әрі - ақаулар) анықталған жағдайда, анықталған ақаулар туралы жазбаша ескерту жіберу арқылы Жеткізушіден оларды Шартта белгіленген мерзімде жоюды талап етуге немесе Жеткізушіге дәлелді жазбаша бас тартуды жолдай отырып, толық немесе ішінара төлеуден бас тартуға және Актіге қол қоймауға;

4) Шартты кез келген кезеңде Шартта көзделген жағдайларда және тәртіпте біржақты тәртіппен бұзуға;

5) Шарттың 3.3 тармағының 8) тармақшасына сәйкес Жеткізушіден хабарлама алғаннан кейін жағдайды өз ұйғарымы бойынша бағалауға, Жеткізушінің кінәсінен туындамаған объективті себептер болған жағдайда Шарт бойынша міндеттемелерді орындау мерзімін ұзартуға;

6) Шарттың осы тармағының 5) тармақшасында көзделген жағдайда, Жеткізушіден растау

құжаттарын талап етуге;

7) Егер Шарт Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауы немесе оны тиісті түрде орындамауы не болмаса тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) Шартта көзделген мерзімдегі және тәртіптегі негіздер бойынша төлемеу салдарынан бұзылған болса, Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді қайтармауға құқылы (Шартта Жеткізушінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу туралы талабы болғанда)

7) Жеткізушіден қауіпсіздік техникасы бойынша нормаларды, өрт қауіпсіздігі қағидасын сақтауын және Қызметтерді көрсету кезінде Тапсырыс берушінің мүлігіне ұқыпты қарауын талап етуге;

8) Жеткізушіден аудит жүргізуге және нормативтік құжаттарды дайындауға қатысты Қазақстан Республикасы заңнамасының талаптары туралы толық ақпарат алуға;

9) Жеткізушіден қаржы деректерінің Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес еместігі анықталған туралы ақпарат алға;

10) кепілдік мерзімі кезеңінде Жеткізушінің Шарт талаптарына сәйкес консультациялық қызметтер көрсетуін талап етуге құқылы.

3.3. Жеткізуші:

1) Қызметтерді Шартта және Техникалық ерекше нұсқамада көзделген мерзімде және талаптармен толық көлемде көрсетуге;

2) Тапсырыс берушінің талап етуі бойынша Қызмет көрсетудің барысы туралы ақпарат ұсынуға;

3) Қызметтерді білікті мамандардың көрсетуін қамтамасыз етуге;

4) Қызмет көрсету, көрсетілген Қызметтерді қабылдау - өткізу барысында Тапсырыс беруші ақауларды анықтаған жағдайда, анықталған ақаулар туралы Тапсырыс берушіден хабарламаны алған күннен бастап <күні цифрмен> <(күні жазбаша)> <(жұмыс/күнтізбелік)> күн ішінде өз есебінен жоюға;

5) Жеткізушінің ақауларды Шартта белгіленген мерзімде жоюы мүмкін болмағанда/оны жоюдан бас тартқан жағдайда, Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болуға;

6) Шарттың қолданылу мерзіміне қарамастан Тапсырыс берушіден алынған конфиденциалды ақпаратты жарияламауға және оны құпия сақтауға;

7) Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауына немесе оны тиісті түрде орындамауына байланысты Шарт бұзылған жағдайда, Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болуға;

8) Егер Шартты орындау кезеңінде Жеткізуші кез келген сәтте Шартты уақытында орындауға кедергі келтіретін жағдайдарға тап болса, Жеткізуші Тапсырыс берушіге кешіктіру фактісі, оның болжанатын ұзақтығы мен себебі (себептері) туралы дереу жазбаша хабарлама жіберуге тиіс;

9) Шарт бойынша өз міндеттемелерін толығымен және де ішінара түрде басқа біреуге бермеуге;

10) Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағанда немесе оны тиісті түрде орындамаған жағдайда Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болуға;

11) Тараптардың Шартқа қол қойған күнінен бастап 10 (он) жұмыс күні ішінде Шарттың Жалпы сомасының <мөлшері пайызбен> мөлшерінде Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізуге міндеттенеді. (Шартта Жеткізушінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу туралы талабы болғанда)

12) Қызмет көрсету кезінде техника қауіпсіздігі және өрт қауіпсіздігі бойынша қажетті іс-шаралардың орындалуын қамтамасыз етуге;

13) Қызмет көрсету кезінде санитарлық-гигиеналық, экологиялық, өртке қарсы және Қазақстан Республикасының қолданыстағы нормалары мен қағидаларының басқа да талаптарына жауап беретін жабдықтар мен материалдарды пайдалануға;

14) қос Тараптың уәкілетті тұлғалары түпкілікті Актіге қол қойған күннен бастап 9 (тоғыз) ай ішінде Тапсырыс берушіге кепілгердің міндеттемелерін орындамағаны үшін өзінің жауапкершілігі туралы жазбаша хабарлама беру арқылы консультациялық қызметтер көрсетуге кепілдік беруге;

15) Тараптардың уәкілетті тұлғалары Актіге қол қойған сәтке дейін Шарт бойынша Қызметтер көрсету кезінде Тапсырыс берушінің жабдығының, материалдары мен мүлкінің кездейсоқ жойылу немесе кездейсоқ бүліну тәуекелін көтеруге;

16) қос Тараптың уәкілетті өкілдері Шартқа қол қойған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күні ішінде қызмет түрін жүзеге асыратын рұқсат беру құжаттарын (егер қызмет міндетті лицензиялауға жататын болса, қызмет көрсету құқығына лицензияның немесе электрондық құжаттың қағаз көшірмесі түріндегі лицензияның нотариат куәландырылған көшірмесін) ұсынуға;

17) Шарт бойынша міндеттемелерді орындау кезінде Жеткізушінің кінәсінен залал келтіру немесе бұзушылықтарға жол беру себебі бойынша Тапсырыс берушіге қойылатын үшінші тұлғалармен даулы мәселелерді (үшінші тұлғалардың талап-арыздары және/немесе шағымдары) Тапсырыс берушіні тартпай, өз қаражаты есебінен өздігінен шешуге;

18) Тапсырыс беруші Объектілерде белгілеген кіру рұқсаты және объектішілік режимдердің талаптарын сақтауға міндеттенеді;

19) Қазақстан Республикасының бақылаушы органдары Тапсырыс берушінің қызметінде осы бұзушылықтар анықталмаған және аудиторлық қорытындыда көрсетілмеген аудиторлық тексеру жүргізілгеннен кейін Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасын бұзуды анықтаған жағдайда, Жеткізуші нақты залал сомасы шегінде, бірақ Жеткізушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сақтандыру шарттары бойынша төленуге жататын сақтандыру сомасының мөлшерінен аспайтын, аудит жүргізу кезінде Тапсырыс берушінің мүлдік мүдделеріне келтірілген зиянды өтеу бойынша азаматтық-құқықтық жауапкершіліктің пайда болуынан танылған фактілері бойынша материалдық жауаптылықта болады. Бұл ретте, егер Қазақстан Республикасының бақылаушы органдары анықтаған бұзушылықтар Тапсырыс берушінің Жеткізушіге толық емес және/немесе дұрыс емес құжаттаманы және аудит жүргізу үшін қажетті басқа да ақпаратты беруі салдарынан туындаса, Жеткізуші жауапты болмайды.

3.4. Жеткізуші:

1) Қызметтерді көрсеткен кезде бірлесіп орындаушыларды тартуға құқылы. Бұл ретте Жеткізушінің бірлесіп орындаушыларға жалпы Қызмет көлемінің үштен екі бөлігінен асатын Қызмет көлемін беруге рұқсат етілмейді;

2) Тапсырыс берушіден Шарт бойынша Қызмет көрсету үшін қажет ақпараттын жазбаша түрде сұратуға;

3) Шарттың талаптарына сәйкес көрсетілген Қызметтер үшін төлем алуға құқылы.

4) Тапсырыс берушінің келісімімен Қызметтерді мерзімінен бұрын көрсетуге, бұл туралы

Қызметтер көрсетудің болжамды аяқталу күніне дейін күнтізбелік 3 (үш) күн бұрын жазбаша хабардар етуге және Тапсырыс берушіге Акт бойынша тапсыруға;

5) Қызметтер көрсету және консультациялық қызметтер көрсету әдістерін өздігінен айқындауға;

6) қажетті бухгалтерлік және өзге де қаржы-шаруашылық құжаттаманы алуға және тексеруге;

7) аудиторлар құрамын дәлелді себептер бойынша біржақты тәртіппен өзгертуге, бұл туралы Тапсырыс берушіні алдын ала жазбаша хабардар етуге міндетті құқылы.

4. ҚЫЗМЕТ КӨРСЕТУ МЕРЗІМІ ЖӘНЕ ОРНЫ

4.1. Қызмет көрсету мерзімі – 4.1. Қызметтерді көрсету мерзімі Шарт күшіне енген күннен бастапқы кезеңді құрайды.

- 2020 жылғы 9 ай үшін аудитті өткізу бойынша (аудиттің бірінші кезеңі) 2021 жылғы 20 қаңтарға дейін;

- 2020 жыл үшін аудитті өткізу бойынша 2021 жылғы 31 наурызға дейін;

- консультациялық қызметтер көрсету бойынша – тексеру жүргізу кезеңінде және 2020 жылғы аудиторлық есепті (қорытындыны) және аудиторлық есепке түсіндірмені алған күннен бастап кейінгі 9 (тоғыз) ай ішінде.

4.2. Қызмет көрсету орны: - «ҚРҰБ ҚҚО» АҚ Орталық аппараты

Нұр-Сұлтан қаласы, Мәңгілік ел даңғылы, 57А;

- «ҚРҰБ ҚҚО» АҚ Орталық филиалы

Алматы қаласы, Қонаев көшесі, 181 (бұдан әрі – Объектілер).

4.3. Қызметтерді көрсету күні Тараптардың уәкілетті тұлғаларының Актіге қол қойған күні болып табылады.

5. КӨРСЕТІЛГЕН ҚЫЗМЕТТЕРДІ ҚАБЫЛДАУ-ӨТКІЗУ ТӘРТІБІ

5.1. Жеткізуші Қызметтер көрсету аяқталғаннан кейін Тапсырыс берушіге 2021 жылғы 31 наурыздан кешіктірмей танысу үшін жүргізілген аудит нәтижелері бар жылдық аудиторлық есептің жобасын ұсынады.

5.2. Көрсетілген Қызметтердің түпкілікті нәтижелері аудиторлық есеп және оған қосымшалар түрінде ресімделеді.

5.3. Жеткізуші Шартта көзделген Қызметтерді көрсеткеннен кейін бұл туралы Тапсырыс берушіге хабарлайды және қол қою үшін Актіні жібереді.

5.4. Тапсырыс берушіде көрсетілген Қызметтер бойынша Жеткізушімен ескертулер мен келіспеушіліктер болмаған жағдайда, Тараптардың уәкілетті тұлғалары Актіге қол қояды.

5.5. Тапсырыс беруші көрсетілген Қызметтер бойынша ескертулер немесе келіспеушіліктер болған кезде көрсетілген Қызметтерді қабылдаудан жазбаша түрде дәлелді бас тартуды жібереді, ал Жеткізуші бұл туралы Тапсырыс беруші хабарлаған күннен бастап күнтізбелік 5 (бес) күн ішінде көрсетілген ақауларды жоюға міндетті. Бар келіспеушіліктер жойылғаннан кейін Тараптардың уәкілетті тұлғалары Актіге қол қояды.

6. ТАРАПТАРДЫҢ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ

6.1. Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе оны тиісті түрде орындамаған жағдайда, Тараптар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес жауапты

болады.

6.2. Төтенше жағдайларды қоспағанда, Жеткізуші Шартта көзделген міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші өзінің басқа құқықтарына нұқсан келтірместен Шарт аясында Жеткізушіден тұрақсыздық айыбын өндіріп алады, ал Жеткізуші Тапсырыс берушіге мынаны:

1) Шарттың 4.1-тармағында көзделген мерзім бұзылған жағдайда-кешіктірілген әрбір < күнтізбелік > күн үшін Шарттың жалпы сомасының 0,5% (нөл бүтін оннан бес пайызы) мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасының <5%-ынан (бес пайызынан) аспайтын өсімпұлды;

2) көрсетілген Қызметтердегі ақауларды жою мерзімі бұзылған жағдайда-ақауларды жою күнін қоса алғанда, әрбір кешіктірілген <күнтізбелік күн > күн үшін Шарттың жалпы сомасынан <0,1% (нөл бүтін оннан бір пайызы) мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасынан <5%-ынан (бес пайызынан)> аспайтын өсімпұлды;

3) көрсетілген Қызметтердегі ақауларды жою мүмкін болмаған/бас тартқан жағдайда - Шарттың жалпы сомасының <10%(он пайызы)> мөлшерінде айыппұл салынады.

6.3. Шарттың 7-бөлімін Тараптардың бірі бұзған жағдайда конфиденциалды ақпаратты ашқан Тарап екінші Тарапқа Шарттың жалпы сомасының <10% (он пайызы)> мөлшерінде айыппұл төлейді. Бұл ретте Тапсырыс беруші Жеткізушіден Тапсырыс берушіден алынған конфиденциалды ақпаратты жария ету салдарынан келтірілген залалды өтеуді талап етуге құқылы

6.4. Шарт бойынша ақы төлеу мерзімі бұзылған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге кешіктірген әр жұмыс күні үшін төлеуге тиіс сомадан 0,1% (нөл бүтін оннан бір пайыз) мөлшерінде, бірақ Шарттың жалпы сомасынан 5% (бес пайыз) аспайтын мөлшерде өсімпұл төлейді.

6.5. Жеткізуші Шарт бойынша өзінің міндеттемелерін бұзған жағдайда, Тапсырыс беруші төлем жасаған кезде Жеткізушінің келісімінсіз тұрақсыздық айыбы (өсімпұл, айыппұл) сомасын дербес түрде ұстап қалуға құқылы.

6.6. Тұрақсыздық айыбы (айыппұл, өсімпұл) сомасын төлеу Тараптарды Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындаудан босатпайды.

6.7. Жеткізушінің Тапсырыс берушіге тұрақсыздық айыбын (айыппұлды, өсімпұлды) төлеу мерзімі Тапсырыс берушіден тиісті хабарламаны алған күннен бастап 5 (бес) жұмыс күнін құрайды.

6.8. Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді толық мөлшерде енгізбеген жағдайда Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарттың орындалуын қамтамасыз етудің толық енгізілмеген сомасынан 1% (бір пайыз) мөлшерінде айыппұл төлейді. (Шартта Жеткізушінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу туралы талабы болғанда).

6.9 Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді құймағанда немесе оны уақытында құймаған жағдайда Тапсырыс беруші Жеткізушіге тендерге қатысу үшін берілген өтінімді қамтамасыз ету сомасын қайтармайды(Шартта Жеткізушінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу туралы талабы болғанда)

6.10. Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауы немесе оны тиісті түрде орындамауы салдарынан Тапсырыс берушінің бастамасы бойынша Шарт біржақты тәртіпте бұзылған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге Шарттың орындалуын қамтамасыз ету сомасын қайтармайды. (Шартта Жеткізушінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу

туралы талабы болғанда) > <Бұл ретте Жеткізуші Тапсырыс берушіге алдын ала төлем сомасын толық мөлшерде қайтарады> (алдын ала төлем болғанда)

Жеткізушінің Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауы немесе оны тиісті түрде орындамауы салдарынан Тапсырыс берушінің бастамасы бойынша Шарт біржақты тәртіпте бұзылған жағдайда, Жеткізуші Тапсырыс берушіге Шарттың Жалпы сомасынан 10% (он пайыз) мөлшерінде айыппұл төлейді (Шартта Жеткізушінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу туралы талабы болмағанда) <Бұл ретте Жеткізуші Тапсырыс берушіге алдын ала төлем сомасын толық мөлшерде қайтарады> (алдын ала төлем болғанда)

6.11. Егер Тапсырыс беруші Жеткізушінің кінәсінен емес (Жеткізушінің шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамауы немесе тиісінше орындамауы) Шартты бұзудың бастамашысы болса, Жеткізуші Шартты бұзу күніне Шарт бойынша нақты көрсетілген және қабылданған Қызметтер үшін ғана ақы талап етуге құқылы.

7. КОНФИДЕНЦИАЛДЫЛЫҚ

7.1. Тараптар тұтастай алғанда Шарт талаптарын және ұсынатын Тарап конфиденциалды ретінде белгілеген барлық ақпаратты басқа Тарап аталған ақпаратты ұсынған Тараптың жазбаша рұқсатынсыз ешқандай үшінші тарапқа жария етпейтінін мойындайды, оған мына жағдайлар:

- 1) Жеткізушінің Шартты орындау үшін тартқан қызметкерлерге ұсынуы қосылмайды. Көрсетілген ақпарат осы қызметкерлерге конфиденциалды және шарттық міндеттемелерді орындау үшін қажет көлемде ғана берілуге тиіс;
- 2) Егер мұндай жария ету заңнамада ұйғарылатын немесе оған уәкілетті мемлекеттік органдардың ресми сұратуы негізінде жүзеге асырылатын жағдайлар қосылмайды.

7.2. Жеткізуші Шартты іске асыру мақсаттарынан басқа, жоғарыда аталған қандайда бір құжаттарды немесе ақпаратты Тапсырыс берушінің алдын ала жазбаша келісімінсіз пайдаланбайды.

7.3. Конфиденциалды ақпарат жария етілген жағдайда, Тараптар Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болады.

8. ЕҢСЕРІЛМЕЙТІН КҮШ (ТӨТЕНШЕ ЖАҒДАЙ)

8.1. Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамағаны немесе оны тиісті түрде орындамағаны үшін, егер ол Тараптар күні бұрын болжай алмаған және Тараптардың Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауына тікелей әсер еткен дүлей күштің: су тасқыны, жер сілкінісі және басқа табиғат апаттар, экологиялық апат, әскери іс-әрекеттер, террорлық актілер, азамат соғысы, халық толқулары, жаппай тәртіпсіздіктер немесе ереуілдер басталуы, Қазақстан Республикасының құқықтық актілерінің қабылдануы салдарынан болса, онда Тараптар жауапкершіліктен босатылады. Еңсерілмейтін күштің әсеріне ұшыраған Тараптың міндеттемелерді орындау мерзімі осындай жағдайлардың болуы кезеңіне ұзартылады.

8.2. Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындауға мүмкіндігі жоқ Тарап, басқа Тарапқа Шарттың 8.1-тармағында көрсетілген жағдайлардың себептерін көрсете отырып, олардың басталғаны және тоқтағаны туралы жазбаша түрде дереу хабарлайды, сондай-ақ ол тиісті

уәкілетті органның растайтын құжатын ұсынады. Жалпыға мәлім фактілер, дәлелді талап етпейді. Бұл ретте Тараптар Шарт бойынша міндеттемелерін одан әрі орындаудан бас тартуға құқылы, осыдан кейін бірде-бір Тарап басқа Тараптан қандай да бір шығынды өтеуді талап етуге құқығы жоқ.

8.3. Егер Тапсырыс берушіден өзге жазбаша нұсқаулар келіп түспесе, Жеткізуші Шарт бойынша міндеттемелерін орындауды ол қаншалықты орынды екеніне қарай жалғастырады және Шартты орындаудың көрсетілген міндеттемелерге қатысты емес балама тәсілдерін іздестіреді.

9. ДАУЛАРДЫ ШЕШУ ТӘРТІБІ

9.1. Шарт бойынша міндеттемелерді орындау барысында келіспеушіліктер туындаған жағдайда, Тараптар оларды соттан тыс тәртіпте реттеу үшін барлық қажетті шаралар қабылдауға тиіс.

9.2. Тараптар келісімге келмеген жағдайда, даулар Қазақстан Республикасының заңнамасына сәйкес сот тәртібінде қаралады.

9.3. Шарт Қазақстан Республикасының заңнамасымен реттеледі және даулар туындаған жағдайда, олар Тапсырыс берушінің орналасқан орны бойынша Қазақстан Республикасының соттарында қаралады.

10. ШАРТҚА ӨЗГЕРІСТЕР ЕНГІЗУ

ЖӘНЕ ОНЫ БҰЗУ ТАЛАПТАРЫ

10.1. Орналасқан орны және/немесе деректемелері өзгерген жағдайда, Тарап басқа Тарапқа тиісті шешім қабылданған күннен бастап 3 (үш) жұмыс күні ішінде жазбаша түрде хабарлайды.

10.2. Шарттың 10.1-тармағында көрсетілген өзгерістерді қоспағанда, Шартқа барлық өзгерістер қосымша келісіммен ресімделіп, оған Тараптар қол қояды.

10.3. Тапсырыс беруші мына:

- 1) Тапсырыс беруші Қағидалардың 14-тармағына сәйкес сатып алудан бас тартқан;
- 2) Жеткізуші ұсынған мәліметтерден дәйексіз ақпарат анықталған;
- 3) Сатып алу қорытындысына әсер еткен сатып алу Қағидаларын және (немесе) талаптарын бұзу анықталған;
- 4) Тапсырыс беруші (сатып алуды ұйымдастырушы) Жеткізушіге Қағидаларда көзделмеген жәрдем көрсеткен;
- 5) Егер Жеткізуші банкрот немесе төлемге қабілетсіз болған, сондай-ақ тиісті сот процесіне тартылған жағдайда, Шартты кезкелген сатыда бір жақты тәртіпте бұзуға құқылы. Мұндай жағдайда бұзу дереу жүзеге асырылады және Тапсырыс беруші Жеткізушіге қатысты ешқандай қаржылық жауапкершілік атқармайды;
- 6) Жеткізуші Шарт бойынша өз міндеттемелерін орындамаған немесе оны тиісті түрде орындамаған жағдайда, Шартты кез келген сатыда біржақты тәртіпте бұзуға құқылы. Бұл ретте Жеткізуші Шарттың 6-бөліміне сәйкес жауапты болады;

7) Шартты одан әрі орындау мақсатқа лайықты болмаған жағдайда, кез келген сатыда бір жақты тәртіпте Шартты бұзуға құқылы.

10.4. Шарт біржақты тәртіпте бұзылған жағдайда, Тапсырыс беруші Жеткізушіге Шартты болжанатын бұзу күніне дейін күнтізбелік 15 (он бес) күн бұрын Шарттың бұзылуы туралы жазбаша хабарлама жібереді, осы мерзім өткеннен кейін Шарт бұзылды деп саналады. Хабарламада Шартты бұзу себебі, жойылған шарттық міндеттемелердің көлемі, сондай-ақ Шартты бұзу күні көрсетілуге тиіс.

11. ШАРТТЫҢ ӨЗ КҮШІНЕ ЕНУ ТАЛАБЫ

11.1. Шарт Тараптар оған қол қойған күннен бастап күшіне енеді және Тараптар Шарт бойынша өз міндеттемелерін, оның ішінде кепілді міндеттемелерін толық орындағанға дейін қолданылады. (Шартта Жеткізушінің Шарттың орындалуын қамтамасыз етуді енгізу туралы талабы болмағанда)

12. ШАРТ ТІЛІ

12.1. Шарт заңды күші бірдей мемлекеттік тілде және орыс тілде электрондық түрде жасалды.

13. ӨЗГЕ ТАЛАПТАР

13.1. Шартқа қосымша (қосымшалар) қосымшалары Шарттың ажырамас бөлігі (бөліктері) болып табылады.

13.2. Тараптардың біреуі қайта ұйымдастырылған жағдайда, Шарт бойынша құқықтары мен міндеттері тоқтатылмайды және Тараптардың құқықтық мирасқорларына өтеді.

14. ТАРАПТАРДЫҢ ОРНАЛАСҚАН ОРНЫ ЖӘНЕ ДЕРЕКТЕМЕЛЕРІ

Тапсырыс беруші:

<тапсырыс берушінің толық атауы>
<Тапсырыс беруші орналасқан орынның заңды мекенжайы>
<Тапсырыс беруші орналасқан орынның нақты мекенжайы>
<Тапсырыс берушінің ЖСК>
<банк атауы>
<Тапсырыс берушінің БСН>
<Тапсырыс берушінің БСК>
<Тапсырыс берушінің БЕК>
Тапсырыс беруші атынан
_____ <қол қоюшының аты-жөні>
М.О. (қолы)

Жеткізуші:

<Жеткізушінің толық атауы>
<Жеткізуші орналасқан орынның заңды мекенжайы>
<Жеткізуші орналасқан орынның нақты мекенжайы>
<Жеткізушінің ЖСК>
<банк атауы>
<Жеткізушінің БСН>
<Жеткізушінің БСК>
<Жеткізушінің БЕК>
Жеткізуші атынан
_____ <қол қоюшының аты-жөні >
М.О. (қолы)

Аббревиатуралардың толық жазылуы:

БСН – бизнес-сәйкестендіру нөмірі;

БСК – банктік сәйкестендіру коды;

ЖСК - жеке сәйкестендіру коды;

ЖСН - жеке сәйкестендіру нөмірі;

ССН - салық төлеушінің сәйкестендіру нөмірі;

ТЕН - төлеушінің есептік нөмірі;

ҚҚС - қосылған құн салығы;

Т.А.Ә. - аты-жөні.

Портал зақунок Национального Банка Республики Казахстан

ДОГОВОР

<идентификационный номер>

о закупках услуг

<наименование услуг>

<регион заказчика>

<дата договора>

<полное наименование заказчика>, именуемое (-ый, -ая) в дальнейшем «Заказчик», в лице <должность и ФИО подписанта заказчика>, действующего (-ей) на основании <правоустанавливающий документ, являющийся основанием для подписания>, с одной стороны, и <полное наименование поставщика>, являющееся (-ийся) <признак резидентства поставщика>, действующее(-ий) на основании <лицензия, разрешительный документ>, именуемое (-ый) в дальнейшем «Поставщик», в лице <должность и ФИО подписанта поставщика>, действующего (-ей) на основании <правоустанавливающий документ, являющийся основанием для подписания>, с другой стороны, далее совместно именуемые «Стороны», в соответствии с подпунктом 1) пункта 17 Правил приобретения товаров, работ и услуг Национальным Банком Республики Казахстан, его ведомствами, организациями, входящими в его структуру, и юридическими лицами, пятьдесят и более процентов голосующих акций (долей участия в уставном капитале) которых принадлежат Национальному Банку Республики Казахстан или находятся в его доверительном управлении, и аффилированными с ними юридическими лицами, утвержденных постановлением Правления Национального Банка Республики Казахстан от 27 августа 2018 года №192 (далее - Правила), и протоколом об итогах закупок услуг <наименование услуг> способом тендера <дата утверждения протокола>, заключили настоящий договор (далее - Договор) о нижеследующем.

1. ПРЕДМЕТ ДОГОВОРА

1.1. Заказчик на портале закупок _____ разместил объявление о проведении закупок услуг <наименование услуг> (далее - Услуги) способом тендера и принял тендерную заявку Поставщика на сумму _____ тенге ___ тиын (_____ тенге ___ тиын), <без учета суммы НДС>.

